Руководителю

Директор
Серік Нұртуғанға

Қызметтік хат

«Мемлекеттік сатып алу» Заңының 10 бабының 6 тармағына сәйкес **«Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін** уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайды»

Заңның 16 бабының 3 тармағы 25 тармақшасы негізінде Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

-Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;;

Заңның 16 бабының 5 тармағы негізінде, Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы **шешімді** тапсырыс берушінің **бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам** не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Сондай-ақ, Заңның 16 бабының 6 тармағы негізінде Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы **шешім қабылдаған адам жоғарыда көрсетілген қағидаттардың сақталуына дербес жауапты болады**.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 9 қазан 2024 жылғы №687 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34 қосымшасына сәйкес келесі бағанның толтырылуы тиіс (Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру жағдайының ерекшелігін растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (**қызметтік жазба, қорытынды, анықтама**)

Тапсырыс беруші Ереженің 510 тармағына сәйкес шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда нысан бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алынған мемлекеттік сатып алу туралы есепті қызметтік жазбаны жазып орналастырады.

Сондай-ақ, Азаматтық кодекстің 383 бабының 1 тармағына сәй кес *«шарт тараптар үшін оны жасасу кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге (императивтік қалыптарға) сәйкес келуге тиіс.»*

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы **эксклюзивтілік ережесін қарастырмайды,** Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңына (41 бапқа) қарағанда.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 5), 18), 32), 35), 36), 38) және 39) тармақшаларымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұсыныстар мен бағалық ұсыныстар, прайс-листтарды әлеуетті өнім берушілерден талап ету Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары мен заңында қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы №ҚР ДСМ-195/2020 «Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2 қосымшасы 2 тармағы «Білім беру объектілеріндегі қызметкерлерге (жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарының мұғалімдері; балалар мен жасөспірімдер тұратын білім және тәрбие беру объектілерінің барлық түрлерінің бастауыш сыныптарының мұғалімдері, тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері; техникалық персонал); балалар сауықтыру (жыл бойы, маусымдық) ұйымдарындағы және шипажай объектілеріндегі қызметкерлерге; әр түрлі және үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарындағы, балалар

үйлеріндегі қызметкерлерге арналған гигиеналық оқыту бағдарламасы» сәйкес, Макинск қаласының мектеп-лицейінің 35 қызметкері санитарлық минимум бағдарламасын өтуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген аргументтерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола облысы бойынша филиалы, 150741016908, осы жеткізуші ФЛБ тізімінде бар, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтау мақсатында, оның ішінде **сатып алынатын қызметтердің құнын** қамтамасыз ету жолымен веб-портал арқылы тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілін пайдалана отырып, шарт жасасу керек екендігін ойлаймын.

Шешім қабылдау үшін енгізілген.

Орындаған: есепші Садуова Б.А.
Күні: 09.04.2026 жыл